

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 519 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына және "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 6459067,6 (алты миллион төрт жүз елу тоғыз мың алпыс жеті теңге алпыс тиын) бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

7

м а м ы р д а ғ ы

N 5 1 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Азаматтық істер бойынша орындалуға тиіс сот шешімдерінің тізбесі

P/c N	Сот органының атауы мен шешімнің күні		Талапкердің Т.А.Ә.		Мемлекеттік бажды шегер. гендегі сома (теңге)		Мемле. кеттік баж (теңге)
1	2		3		4		5

1	Жамбыл облысы Шу аудандық сотының шешімі, сотының жөніндегі	Алтықасымов А. 25.09.2002 Жамбыл азаматтық істер алқасының	525190	-
08.01.2003 жылғы қаулысы				
2	Тараз қалалық сотының 28.12.2002 Жамбыл азаматтық алқасының	Серікбаев М. жылғы шешімі, облыстық соты істер жөніндегі 05.03.2003 жылғы	100412	-
қаулысы				
3	Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданы Н 2 аудандық сотының	Григорьева О.В. би ауданы аудандық сотының	125000	1150
27.06.2003 жылғы шешімі				
4	Қарағанды облысы Балқаш қалалық	Худякова Н.Ф. сотының	50000	-
05.06.2003 жылғы шешімі				
5	Қызылорда облысы Арал аудандық сотының 01.02.2002 Қызылорда қадағалау	Шабарова У. аудандық жылғы шешімі, облыстық соты алқасының	3056684	91700
11.09.2003 жылғы қаулысы				
6	Шығыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі, облыстық соты істер жөніндегі	"Тай-Сервис" 16.04.2003 жылғы Шығыс Қазақстан азаматтық алқасының	1775306	-
ЖШС				
30.05.2003 жылғы қаулысы				
7	Астана қаласы Сарыарқа аудандық 23.06.2003 Астана қаласы істер жөніндегі	Карле В.В. сотының шешімі, азаматтық алқасының	340000	-
12.08.2003 жылғы қаулысы				

8	Астана қаласы Сарыарқа	Климанов В.Г.	340000	-
	а у д а н д ы қ		с о т ы н ы ң	
	23.06.2003	жылғы	шешімі,	
	Астана	қаласы	азаматтық	
	істер	жөніндегі	алқасының	
	12.08.2003 жылғы қаулысы			
9	Қостанай облысы Жетіқара	Сенчилов К.А.	53625,60	-
	а у д а н д ы қ		с о т ы н ы ң	
	01.11.2001 жылғы қаулысы			
	Жиыны		6366217,6	92850
	Жалпы сомасы		6 459 067,6	
